


Бірінді, қазақ,
бірін дос
Көрмесең, істің
бәрі – бос

Абай



АБАЙ 2-3·97



ҒУЛАМА ҒАЛЫМ

ДАНАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ



**Зәки АХМЕТОВ,
ҚР Үлттүк Ғылым
академиясының
академигі, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты**

**Мұхтар
Омарханұлы
Әуезов әлемге
аты мәшһүр
жазушы ғана
емес, ғулама
ғалымы,
мындаған
шәкірт
тәрбиеlegен
үстаз да
болғаны мәлім.**

**Бұл
айдармен ұлы
кеменгердің
сан қырлы
талантының
ғуламалық
қасиетін сез
етуді мақсұт
тұттық. Соған
орай Шыңғыс
Терекұлұлы
Айтматов пен
Мұхтар
Шахановтың
сұхбатын,
белгілі
академик
З.Ахметовтің,
профессор
Т. Қожақеевтің
зерттеу
өңбектерін
жарияладап
отырмыз.**

Yлы дарынды, дананы халық тұғызыдан, тарих тұғызыдан десек, бұғінде ғасырлар арасында турып аяқталып келе жатқан қарымы да зор, қайшылығы да мол XX ғасыр қазақ қоғамында үлттық ой-сананың, әлебиет пен мәдениеттің өркендеуіне аса құнды үлес қосқан көптеген ақыл-ойдың алыптарын тарих сақнасына шығарғанын еске алып, сүйсіне айтуға қақымыз бар. Мұндай сүйінштің күйініші де аз емес, ейткені талай қоғам қайраткерлерінің, қазақ зиялышарының күрес жолы, ез жеке басының тағдыры қыныңда құрсақта да, трагедияға да толы болды. Бірақ олардың көрген қынышылығы, азабы тұған халқының тағдыры, тарихтың талқысы болатын. Осы айтылғанды ұлы жазушы, ғулама ғалым Мұхтар Әуезовтің әмірі мен күрес жолы, творчестволық ізденістері толық айғақтайды.

Біз ұлы жазушы, ғалымының алып тұлғасын бір қырынан ғана алып, академик Мұхтар Әуезовтің әлебиеттануғының дамытудағы еңбегі жайында біршама сез етпектіз. Әрине, ғулама ғалым Әуезовтің әлебиет тарихына арналған зерттеулерін, қазіргі әлебиеттің процесс туралы ой-толғамдарын, оның жазушылық, суреткерлік еңбекінен белгілі алдыңғы әлеңдерін, талдау мүмкін емес. Бірақ сезіміз академик Әуезов туралы болғандықтан оның

ғылымға қосқан зор үлесіне көбірек назар аударуға тиіспіз.

Осында міндет қойып сейлемек болғанда да Әуезовке бүгінгі көзқарасымыз қандай болу керек деген салуалдымен ойға оралады.

Әуезовтің деңгейі, көтерілген суреткерлік шыны, жазушы, қайраткер ғалым ретінде кейінгіге қалдырган өнегесі, тағылымы қандай дегенді анықтай алсақ, сол арқылы жаңағы сауалға жауап берे аламыз. Әуезовтің көз жазып қалғанымызға 30 жылдан асар-аспастан гана уақыт өтті. Тарихи өлшеммен келгенде бұл кейде апаз гана уақыт, ал кейде заман, қогамдық жағдай күрт өзгерген кезде ол аз уақыт емес. Шынында Әуезов әдебиеттегі соңғы сезін айтқан кезең болған 50—60 жылдардың аралығы мен бүгінгі тарихи кезеңді, қогамдық жағдайды салыстырсақ, айырмасы жер мен көктей емес пе? Қогамдық ой-санамызда, әдебиетке көзқарасымызда да орасан өзгерістер барышылық. Бұрынғы біртұтас көп ұлтты әдебиет деген үғым да, кенестік әдебиеттің негізгі көркемдік әдісі социалистік реализм деген үғым да қазір басқаша танылатын болды. Ендеше Әуезовтің шыншылдығы, реалистік принциптердің қолдануы, социалистік реализм әдісіне қатынасы деген мәселелерді де байыптаң қараң жаңаша бағалауга жол ашылады.

Онын үстінен бұрын аттары аталмайтын А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов сияқты қайраткерлер қатарға қайта қосылуы арқылы, тарихи-әдеби процестің ауқымы әлеқайда кеңілі. Әдебиетке қойылатын талап, берілетін баға, көзқарас та жаңаша сипат алды. Осынан орай Әуезовтің әдеби ортасын, айналасын, арқа сүйеген, үлгі алған алдынағы әдеби дәстүрлерді де кеңірек, теренірек түсінуге мүмкіндік туды. Тарихи-әдеби процеске кірмей келген А. Байтұрсынов, Ж. Аймаутов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтайды алып тұлғалар алдына қатар-қатарымен келіп тиісті орындарына қайта тұрғанда да, Әуезов ығысып, кейінде қалды деуге болмайды. Керісінше олармен жақындығы, олардың озық идеялары, әдеби үлгі-өнегесімен жағастығы арқылы М. Әуезов те ірілене түсті дей аламыз. Әуезовтің сол кезде тарихи-әдеби процеспен байланыстыра зерттеу, жазушының аталған ірі қайраткерлермен шығармашылық жақындық-жағастығын терең ашып көрсету алдағы міндет.

М. Әуезовтің жазушы болып қалыптасқан тұсы әдебиетте социалистік реализм орынға бастаған кезеңге дәп келді. Бара-бара көркеменерге қатаң талаптар қойылып, жазушыларға ресми идеологияға тәуелді болу

міндеті жүктелді. Бүгінгі тұрғыдан қараң байыптаң бағаласақ, М. Әуезов 20—30 жылдарда әдебиетте мықтап орын тепкен партиялық, таптық принциптердің тар шенберіне ешбір сыймайтынын айтуымыз керек. Эрине, кезінде Әуезов социалистік реализм әдісін толық менгерді, оның негізгі принциптерін ез шығармашылығында бұлжытпай қолданып отырды дегендей пікірлер айтылып келді. Бірақ бұл жазушы қогамдық өмір шынын терең ашып көрсете алды деген мағынада айтылады.

Жазушының тарихқа терең үніліп, бүгінгі заман тақырыбынан арырақ барғаны да бір жағынан тарих тағылымына ден қою болса, екінші жағынан сол дәуірдегі әдебиетте бел алған жасандылықтан, жадағай шындық айтудан алшақтаудан тұғанын анғаруқыны емес. Ал жазушының шығармасын қалайда жарықта шығару үшін кейбір сол кездеғі саясат, әдеби сын тұрғысынан қойылған қатан талаптармен кейде есептесуге мәжбүр болғаны ез алдына мәселе, мұны Әуезов шығармашылығын сөз қылғанда шығармаларын бағалап талдағанда толық ескеру қажет. Әуезов — өзі өмір кешкен жаһанығы, өзгерісі мол, бұраланы да, қыспагы да аз болмagan заманын перзенті. Сонымен қатар үлгі суреткердің көтерілген шырқау бүйк деңгейі, бірталай мәселелерді толғауы, бейнелеуі жағынан, ез дәуірі шектеген шенберден әлдеқайда кенірек, теренірек, өтпелі жағдаймен емес, бұлжымас, тұрақты құндылығы бар адамгершілк мүлде, идеялармен тамырас екенин көреміз. Халық тағдырын, ел тарихын түсініміздің деңгейі білкетеген сайын Мұхтар Әуезовті танып-білдіуміз де толыға, жетіледі түсетіні анық.

Мұхтар Әуезов ұлттық әдебиеттің, мәдениеттің өркендеуіне, оларды зерттейтін ғылым салаларының дамуына үнемі айрықшаланған мән берген, жазушылық енбегін әдебиетті зерттеу ісімен терең, тұғыз ұштастырыған, қатар жүргізген. Елдің еркіндігі, халықтың мәдениет пен ғылымға қол артуы, прогресс жолымен дамуы үшін күрескен, XX ғасырдың басында тарих саласына шыққан қайраткерлердің қай-қайсысы болсын халық саласын оятудағы әдебиет пен мәдениеттің ролі орасан зор екенин жақсы түсінген. Мұның өзі Абай, Шоқан, Ұбырай секілді ақыл-ой алыптарынан басталған, енді кен арнаға түсіп, еркен жайған дәстүр болатын. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді қайраткерлер, Мағжан Жұмабаев, Жүсілбек Аймаутов, Сұлтанмакмұт Торайғыров, Сәкен Сейфул-

лин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Май-лин сияқты әдебиетіміздің аса дарынды өкілдері қазақ халқынын рухани тәуелсіздігін сақтап қалудын сара жолы — туған тілімізді, керемет бай сез өнерімізді қастерлеу бағалай білу, онан әрі өркендету екенін ойдан шығармай, бұл итілікті іске аянаң ат-салысты. Өздері тамаша көркем шығармалар туғызыды немесе халық әдебиеті үлгілерін жинап бастыруға, ақын-жыршылардың шығармаларын насиҳаттауға айрықша назар салды.

Қазақ халқының көптеген көрнекті қайраткерлері сталиндік репрессияның құрбаны болып, қоғамдық өмірден, әдеби процестен мүлде шығарып тасталған кезде солардың ортасынан келіп, үлттық әдебиет пен мәдениеттің, әдебиеттануғынының туын ұстаган дарынды топтың ен көрнектілерінің бірі әрі бірегейі Мұхтар Әуезов болды. Көркем шығармалар жазуды ерте бастаған ұлы қаламгер, сонымен қатар 20-жылларда да, 30-жылларда да қоғамдық, саяси өмірдің әртүрлі маңызды мәселелерін қозғайтын публицистикалық мақалаларды көп жазды. Оларда елді ағарту, жастарға өнер-білім үйрету, әйелдің бас бостандығын қолдау, баспасөзді, үлттық әдебиетті, театр өнерін дамыту секілді сан алуан көкейкесті мәселелер тілге тиек болған. 23—24 жылдардан бастап Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын, Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеуге кірісті. Осының бәрін ол халық мұддесін қорғаудың құралы деп санады. Шынында да, Мұхтар Әуезовтің публицистикалық мақалалар жазуды да, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуі де тек әдеби, ғылыми енбек қана болған жоқ. Ол халық мұддесін қорғауга бағытталған қындыққа толы күрес болатын. Әзгени айтпаганда, ұлы Абайдың өмірі мен өлмес мұрасын зерттеп, дүрыс баға беру де Әуезов үшін ғылыми ізденіс, творчестволық жұмыс қана емес, зор біліммен қатар үлкен табандылықты, қайсарлықты, қажырылықты талап етегін құрес болатын.

Ғалым-жазушының абайтану саласындағы зерттеулері мен Абайдың өмір жолын суреттейтін көркем шығармасының идеялық концепциясы, негізінен бір екені анық. Осы жағдайларды ескерсек, кезінде айтылған қыныр, біржақты сындар Әуезовтің тек ғылыми зерттеулеріне жасалған шабуылғана емес, Абай туралы жазылған алғашқы екі кітабы талай тілдерге аударылып, атағын әлемге әйгілөр бастаған жазушының солардың жалғасы саналатын «Ақын аға» романына жасалған шабуыл еді. Үстем саясатқа қарсы тұру қынын екенін, сол саясаттан санлау тауып, соған табан тіреп

айтылған пікірлерді мүлде есепке алмауға болмайтыны әбаен түсінген Әуезов «Ақын аға» кітабын тез арада өндеп, көп жерін өзгертіп қайтадан жазып, 1952 жылы «Абай жолы» деген атпен басып шығарды (Бұл кейін төрт томдық «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабы болды). Бұл айтылғандардан анық байқалатын жай — Абай мұрасын әртүрлі бүрмалаудан, солақай көзқарастан аршып алу — Әуезов үшін өз басын қорғау емес, халық мұддесін жоқтау, ұлы Абайды арашалау мақсатында жүргізілген ынырасыз идеологиялық курс болатын. Осы мақсатты қөзделген ол үлкен роман-эпопея, салмақты, ірі зерттеу еңбектер жазумен қатар ондаган ғылыми мақалалар да бастырыды, баяндамалар жасады, студенттер мен аспиранттарға өзінің көп жылғы зерттеулері негізінде абайтану саласы бойынша арнаулы курс оқыды. Әрине, абайтанудың бастамасы, қайнар бұлағы әріде жатыр. Абайдың өміrbаянында тірек боларлық алғашқы деректерді берген Қекітай Ысқақұлы, сол деректерге сүйене отырып, ұлы ақынның творчестволық өміrbаянын қысқаша баяндаған берген Әліхан Бекейханов болатын. Абайдың әдеби мұрасының зор қоғамдық, тарихи-әлеуметтік көркемдік мәнін ашып көрсеткен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және кейнірек соларға ілесе шыққан талай әдебиет, мәдениет, қоғам қайраткерлері тағы бар.

Алайда, мұның бәрі Абай шығармашылығын зерттеудегі алғашқы қадамдар болатын.

Ал Мұхтар Әуезовке келсек, оның абайтанудағы орны бөлек, ол абайтануды дербес ғылым саласы денгейінен көтерді, осы ғылыми зерттеу саласының кен мағынасында негізін салды, зерттеу бағыт-бағдарларын, принциптерін анықтады, абайтанудың жүйелі, біртұтас ғылыми концепциясын жасады.

Бұл тұста атап айттын нәрсе — Мұхтар Әуезовті ойша жасанды концепция, қағида туғыза салуға бейім тұратын, кейір жоқ жерден жаналық ашуға үмтілатын зерттеушілердің қатарына қоюға еш болмайды. Оның мәселені үзақ жылдар бойы егжей-тегжейлі, жан-жақты да терең тексеріп алып, соның негізінде ғана үлкен қорытынды-байладамдар айтуды дүрыс дәп санайтынын осы абайтану саласындағы зерттеулерінен анық аңгарымыз. Мұхан ғарнеше жыл Абайдың өмірі мен творчествосы туралы деректерді жинап зерттей келіп, ұлы ақын шығармаларының тұнғыш толық жинағын дайындауга кірісті. Бірақ өзі саяси қателер жіберген дәп айыпталып,

бірнеше жыл қамауда болып, бұл жұмыс іркіліп қалды. Сөйтіп, Әуезов баспаға дайындаған Абай шыгармаларының толық жинағы тек 1933 жылы ғана жарық көрді. Бұл жинаққа Әуезов ел аудынан жинаған Абайдың жасырақ кезінде жазған бір топ өлеңдері және «Әзім» поэмасы түнғыш рет енгізілген еді. Осы жинаққа және онан кейінгі Абайдың толық жинақтарына Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны, басқа да қыруар аса құнды материалдар енгізілді. Тек Абайдың өмірбаяны туралы айтсақ, оны Мұхтар Әуезов қайта-қайта түзетіп, толықтырып отыры, бастаң-аяқ төрт рет жазып шықты. Қазақ мемлекеттік университеттінде абайтану пәні бойынша оқыған лекцияларын жинақтап, үлкен монографиялық зерттеу жазды. Ол енбегі кейін «Абай Құнанбаев» (мақалалар мен зерттеулер) атты кітапта шықты («Ғылым» баспасы, 1967 жыл, 15—228-беттер). Әуезов бұл енбегінде Абайдың ең басты-басты дерлік өлеңдеріне, сонымен қатар поэмалары мен қарасөздеріне талдау жасап баға берген, олардың тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін тиянақты түрде сипаттаған. Абай шыгармаларының жазылған жылдарын анықтап, оларды өзінше топтастыруы жағынан да Мұхтар Әуезовтің атқарған енбегі зор, Абай шыгармаларының текстологиясына айрықша мән беріп, қолжазбалармен, бүрінгі басылымдармен салыстыра тексеруге тікелей араласты. Мысалы, 1957 жылы жарық көргөн Абай шыгармаларының толық жинағының жалпы редакциясын басқарған Мұхтар Әуезов алты ай бойы (қыркүйек айынан бастап әр бейсенбі сайын) Тіл және әдебиет институтына келіп танертенниен түске дейін болып, текстологиялық жұмыстарға басшылық етті, әр тексті қолжазбалармен (Мұрсейттің және басқалардың) салыстырыды, талқылау ісіне тікелей жетекшілік жасады. Соңда қандай мәселе сөз болса да, Мұхан пікірдің дәлелді болуын, құр ойша жорамал болмауын талап ететін, тіпті жеке бір сөз әр қолжазбада немесе басылымда әртүрлі келетін түста, соның дұрыс нұсқасын таңдал алуға ерекше зер салатын. Мысалы, «Қан сонарда бүркітші шыгады анға» деген өлеңдері «Кере тұра қалады қашқан тұлқі» деген келетін өлең жолы 1909 жылғы алғашқы басылымдағыдай «Кере тұра қалады қашқан тұлқі» болып берілуі орынды екенін Мұхан нақтылы дәлелдей, түсінік бергенде соны анықтап айту жөн дегенді. Кейінгі жинақтарда да түсінкітеме берілген түста «Кере тұра қалады қашқан тұлқі» деген оқылғаны дұрыс екені айтылса да, өлең тексінде «Кере

тұра қалады қашқан тұлқі» дег беріліп жүр. Бұдан кітап баспадан шығатын кезде кейір сөзді корректор немесе шыгарушының өзі-ақ оп-онай түзете салатыны байқалады.

Тағы бір нақтылы жәйтке қысқаша тоқталар болсақ, Абайдың «Масғұт» атты поэмасының тексі әртүрлі нұсқа, деректермен салыстырыла қаралған түста, Мұхтар Әуезов бір нәрсеге көніл аударды. Мұрсейттің бір қолжазбасында (ол қолжазба сол кезде Мұханың өз кітапханасында сақталған, оны кейде әкеліп көрсететін) «Түргенев» деген сөз бар секілді еді, соның мөнісін анықтандар леді. Қолжазбада «Түргенев» деген сөз үстінен басқа сиямен жазылған екен. Қалайда бұл сөз тектен-текке жазылмапты. Тексеріп көргенде, «Масғұт» поэмасының бірнеші жартысындағы сюжет (Масғұттың ақыл, байлық, әйел үшеуінің қайсысын алсам дег тандау жасаган) И. С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты шыгармасындағы сюжетпен бастаң-аяқ сәйкес екені анықталды. Эрине, бұдан Абай шыгармасы Тургеневтен аударылған деген қорытынды жасалған жоқ, екі шыгармалың да түп-төркіні ежелгі бір Шығыс анызы екені айқындала түсті.

Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы енбектерінің ғылыми маңызы зор екенін айта отырып, ғалымның қазақ әлебиеті тарихын кең көлемде алып қарастыратының, көптеген ақын-жазушылар туралы құнды пікірлер түйгенін де еске алғанымыз жөн. 1927 жылы басылған «Әлебиет тарихы» атты енбегінде Әуезов халық салт жырлары мен тарихи өлеңдеріне, батырлар жырлары мен гашықтық жырларға, айтыс өлеңдер мен ертегілерге тыңғылықты талдау жасаганын көреміз. Сонымен бірге бірталай көрнекті ақындардың творчествосына да зерттеуші лайықты баға bere алған. Шортанбай ақынның творчествосы, әдебиеттегі орны 40—50 жыл бойы әр саққа жүгіртіліп, қым-қигаш пікірлер айтылып келгені белгілі. Ал Мұхан осы ақынның творчествосының бағыттарын, идеялық мазмұнын аталаған енбегінде, яғни, бұдан жетпіс жылға таяу бүрін негізінен дұрыс, әділ бағалаганын көреміз. Ал Шортанбайды дұрыс бағалau соған үндес, бірақ талай жыл дауыл болып келген Мұрат, Дулат секілді ақындарға да дұрыс баға беруге жол ашатыны даусыз еді.

Мұхтар Әуезов сол кездің өзінде әдебиет тарихы «қазақ мектебінде ана тілінің іргесін нығайтып, толық білім беру үшін» қажет екенін жете түсінген. «Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыпташ жетілуден басқа оқушыға қазақ, деген елдің өткендерісі

мен бүгіндегі пішінін танытуға керек» дейді ол.

Аталған кітапта шолу түрінде айтылатын «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу», «Қызы Жібек» жырлары кейінірек 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің» фольклорға арналған I-томында (редакциясын Әуезов өзі басқарған)ғылыми тұрғыдан төрөн баяндалған, бұл жырлардың тарихи мәні, көркемдік сипаты, жанрлық ерекшелігі айқын көрсетілген. Бұл орайда Әуезов, мысалы, «Қозы Қөрпеш—Баян сұлу» жыры туралы оның барлық нұсқаларын мүқият зерттеу негізінде гана қорытынды пікір айту керектігіне қөніл аударады. Айтыс туралы сөз қозғаганда: «Біржан мен Сараның айтысына» айрықша мән берген. Кейінірек жазған тағы бір зерттеуінде ақындар айтысының ерекшелігін ашып көрсетіп, Жамбылдың өлең-жырды сұрыптың салып айту шеберлігін, импровизаторлық өнерін ете жоғары бағалайды.

Ал енді Мұхтар Әуезовтің қазақ ертегілері туралы еңбегін алсақ, ғалымның ертектерді жүйелеп тұртұрге бөлуі, әрқайсының басты өзгеше сипаттарын ашып беруі кейінгі зерттеушілерге осы аса бай мұраны сала-салада бөліп таратып, төрөндең тексеруге жол ашқанын мойындасақ керек.

Мұхтар Әуезов ескі аңыз-ертегілерді, эпостық жырларды зерттегендеге, Қорқыт, Асанқайғы секілді түркі тілдес, туыстас халықтарға ортақ тұлғалар жайында пікір толғарада, қазақ әдебиетінің, поэзиясының тұптәркіні әріде, қоңе дәүірде жатқанына, тамыры бірнеше мың жылдарға төрөндейтініне ерекше назар аударады. Зерттеушінің қазақпен туыстас өзекті, түркімен және басқа түркі тілдес халықтарға ортақ «Манас», «Көрүгі», «Алпамыс» секілді қоңе мұраларға айрықша назар аударғаны да төгін болмаса керек. Ал қыргыздың «Манас» эпосын Мұхтар Әуезов арнайы төрөндей тексеріп, қөлемді ғылыми зерттеу жазды. 50-ші жылдарда «Манас» туралы қым-қигаш пікірлер айтылып, осы эпостық жырды солақай сынының соққысынан сақтап қалу қажеттігі туғанда Әуезов асқан біліктілікпен «Манас» жырының нағыз халықтық ұлы туынды екенін дәлелдеп берді. Мұханың бұл еңбегін қыргыз ағайындар жоғары бағалап, үнемі атап айтып келеді. 1995 жылы «Манас» жырының 1000 жылдығы тойланғанда да, одан бүрыньяқ ұлы манасшы Саяқбай Қаралаевтің туғанына 90 жыл толуына арналған мереке-жыныларда да Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосын зерттеуге, насиҳаттауға қосқан үлесі айрықша аталды.

Ал Абайдан бастау алатын жаңа дәуір әдебиеті туралы айтқанда, Әуезов қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысына үлкен мән береді. Абайдың орыс классиктерінің шығармаларын аударуы, Пушкинді қазақ тілінде сөйлету мәселесі Әуезов еңбектерінде тұнғылықты зерделенген. Қазіргі замандағы әдебиет туралы сез қозғағанда, Мұхтар Әуезов халықтар арасындағы әдеби байланыстардың нығаюы, аударма теориясы сияқты мәселелер төнірегінде аса құнды пікірлер қалдырыды.

Мұхтар Әуезовтің әдебиеттану саласындағы зерттеу еңбектері және көркемдік шығармашылығы, жазушылық, творчествосы арасында тығыз байланыс, жалғастық бар дегенді жоғарыда айттық. Осы мәселелеге қайта оралып, кейір жайларды анықтай түссек, алдымен Әуезовтің көркем шығармаларында да, ғылыми зерттеулерінде де Абай тақырыбы ен басты орын алғанын атап ету қажет. Жазушының Абайға арналған пьесасы, опералық либреттосы мен киносценарийіне арнайы тоқталмасақ та, төрт томдық «Абай жолы» дәүірнамасына соқпай кете алмаймыз. Өз елімізде, әсіресе, шет елдерде Мұхтар Әуезовті қалың оқырман қауым алдымен осы «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы билітін сөзсіз. Өйткені Мұханың ғылыми еңбектерін әдебиетші, жазушы, журналист, әдебиетті сабак ретінде оқытын студент, оқытатын мұғалімдер болмаса, былайғы жүрт көп назарға ала бермейтіні белгілі. Ал «Абай жолы» эпопеясын оқымаған, білмейтін адамды біздің елде кездестіру қын десек, басқа елдерде де о дүние жүзі әдебиеттің таңдаулы туындыларының бірі ретінде көн тарағаны шындық. Атақты француз жазушысы Луи Арагон «Абай жолы» эпопеясын «ХХ ғасырдың ен үздік шығармаларының бірі» деген бағалады. Мұхтар Әуезовті ұлы жазушы, кемел сүреткер деген білітін белгілі әдебиет қайраткерлері оны Лев Толстой, М. Шолохов, Рабинданнат Тагор секілді дүние жүзі әдебиетінің алыштарымен қатар қояды.

Ұлы ақын, кеменгер ойшыл Абайдың кесек, зор тұлғасын күреске, ізденіске толы өмір жолын сомдап бейнелегендеге жазушыға өзінің ен басты абайтанушы ғалым болғандығы қаншалықты тірек, сүйеу болды деген мәселе кімнің де болсын ойына келетіні анық. Бұған, әрине, үлкен тірек болды деген жауап береріміз түсінікті. Бірақ бұл орайда байыпташ, төрөнек үңгіліп барып үғатын жайлар да жоқ емес. Қандай жазушы болсын алған тақырыбын мүқият, жан-жақты

зерттейді. Айталақ, Лев Толстой «Софыс және бейбітшілік» роман-эпопеясын жазарда сол дәуірге, 1812 жылғы соғыстың тарихына байланысты қыруар материалды арнайы зерттеген. А. С. Пушкин «Капитан қызы» атты шығармасын жазу үшін патша архивіндеғі материалларды әлеілеп тексерген. Тіпті жинаған дерек, материалдарының көптігі сонша, өзінше бөлек «Пугачевтің тарихы» деген зерттеу енбекін жазып шықкан. Эмиль Золя «Жерминал» романын жазу үстінде шахта жұмыскерлерінің өмірі, енбек ету жағдайы туралы көп дерек, фактылар жинаған. Бірақ осылай еткен екен дег Лев Толстойды, А. С. Пушкинді, Э. Золяны зерттеуші демейді, жалпы жүрт жазушы-суреткер дег таниды.

Мұхтар Әуезов те «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуды мақсат еткен соң, қалайда ұлы ақынның өмірі мен творчествосын терен зерттегені сөзсіз. Алайда, Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуға кірісерден (1937 жылдан) әлдеқайда бұрын Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеп келгені ақиқат. Бірақ шында Абай туралы кесек көркем туынды жазуға бел байлаған жазушы арнайы қосымша деректер, материалдар іздел, бұрыннан билетіндерін толықтырып, тағы көп енбектенген. Бұл жерде атап айттын нәрсе, тарихи деректер, өмірде болған деген оқиғалар. Абайдың өзіне, айналасындағы адамдарға қатысты нақтылы жайлар, сондай-ақ Абай заманын сипаттайтын кезендер — бұлар қанша мол, қаншалықты құнақ болғанымен көркем шығармада тек тірек боларлық мағлұматтарға. Ендеше, Әуезов абайтанудың негізін салған тенденсі жоқ ғұламаға болым болғанымен, егер ол сонымен қатар ұлы суреткер болмаса, «Абай жолы» дүниеге келмес еді дей аламыз. Өйткені, жазушы көптеген нақтылы оқиғаларды, алуан түрлі адамдардың қарым-қатынасын нағымды, татымды бейнелей отырып, өмір шындығын, тарихи шындықты терен ашып көрсетеді. Бірақ творчестволық процесстің үстінде негізге алынған деректер, оқиғалар, прототиптер алғашқы дайын, «шікі» күйінде қалмайды, өндөледі, өзгереді, шығарманың біртұтас көркемдік құрылыш-жүйесіне өріледі, сөйтіп, көркем ойдың көрігінен қорытылғын шығады. Тарихи деректер мен тарихта ізі бар оқиғаларды жазушы өзінше толғап, оларды өмірдің логикасына, заңдылықтарына сәйкес ойдан шығарылған кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен сурет көріністермен

жалғастырып, үйлестіріп, толықтырады. Шығармадағы тарихи шындық көркемдік шындыққа ауысқандықтан енді сол тарихи шындық дегеніміздің өзі деректердің аз-көптігімен, қолемімен өлшенбейді, қоғамдық өмірдің зандалықтарын, ішкі сырын ашып бере алатын көркемдік қуаттылығымен өлшенеді. Сөйтіп, тарихи шындық тек өмірден алынған оқиғаларға емес, өмірде болған адамдардың бейнесі ғана емес, ойдан шығарылған кейіпкерлер, оқиғалар арқылы да, яғни, шығарманың барлық мазмұн байлығы арқылы толық көрінісін табады. «Абай жолы» эпопеясының таңымдық мәні туралы айтқанда, Абай заманын, сол ортанды, Абайдың ақындық, азamatтық тұлғасын, өнерпаздық жолын танытуы арқылы әдебиеттанды, соның ішінде абайтанудың өзінің одан әрі өрістеп дамуына әсер-ықпалы да аса зор болды дейміз. «Абай жолы» эпопеясын кең мағынасында тарих, этнография секілді ғылымдар түргысынан қарағанда да таңымдық мәні аса күшті екенін көзінде академик Қаныш Сәтбаев атап көрсеткен болатын.

Әрине, «Абай жолы» эпопеясының абайтану саласындағы зерттеулер үшін құндылығын кең мағынасында, яғни, Абайдың тұлғасын, өмірі мен өнерпаздық жолын тереңдеп түсінуге әсері жағынан да, сонымен қатар нақтылы мәселелерге қатысты да айтуға болады. Мысалы, эпопеяда Абайдың кейір шығармаларының жазылу тарихы немесе Абай өлеңдерінің, өндерінің әртүрлі ортала айтылуы, жүртқа таралуы, тыңдаушылардың оларды қалай қабылдап, қандай әсер алатыны секілді бірталай жайлар нағымды суреттеледі. Жазушының осындағы тұстардағы пайымдаулары зерттеушілерге ой салатыны, осы мәселелерге мән беруге жетекші болатыны анық.

Ал, жалпы халықтық мұдделер түргысынан келгенде, біз «Абай жолы» эпопеясының ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді өркендедүле орасан зор ролі барын баса айтуымыз қажет. Ізденіске, куреске толы «Абай жолы» — бұл Абайдан кейінгі қоғамдық ой алыптарының жүрген жолы. Бұл — елдің елдігін сақтап қалу үшін, халықты мәдениетке, прогресске жеткізу үшін, ұлттық әдебиет пен өнерді дамыту үшін күрес жолы. Бұл — Мұхтар Әуезовтің де жүрген жолы, талай қынышылықта шыдап, моймай зор творчестволық табысқа жеткен жолы.